

Ауыққын

Жаздықүн шілде болғанда...



Алматыны бес рет сел шайып кете жаздаған.

Ақ сәлделі Алатаудың мұзарт шыңдарында моп-момақан күйде мызғып жатқан ақ қар, көк мұз осындай шіліңгір шілдеде тосыннан алапат мінез танытып шыға келуі әбден мүмкін екен. Өйткені XX ғасырда Алматыны ағызып кете жаздаған 1921, 1956, 1963, 1973, 1977 жылдардағы атышулы селдердің бәрі де дәл осы шілде айында болған. Дәлірек айтқанда

шілденің 8,7,15-і күндері және төртіншісі тамыздың 3-де (шілде айы тамыздың 5-де шығады) болыпты.

Әріге сүңгісек, 1887 жылы болған жер сілкінісінен Үлкен және Кіші Алматы өзендерінде қатты сел жүрген. Ол кезде Верный атанған Алматыға апат бірақ жете қоймапты. 1888 жылы еріген қар суынан туындағын сел Верный қаласының бірнеше көшесін шайып, лай-батпақ пен қойтастарға толтырып кетіпті.

1889 жылғы болған тасқын қаланың бірнеше көшесін ағызып әкеткен. 1918 жылы болған лайлы тасқын Кіші Алматы өзеніндегі көпірлерді қиратып, жолдарды шайып кеткен.

Өзінің «Алматы тарихының очерктері» атты кітабында Владимир Проскурин «1921 жылдың жазында Кіші Алматы өзені тасып, сел қаланың орталығына дейін жеткен болатын. Селмен бірге құлаған ірі тастардан Алматы қирандыларға айналып, батпаққа батып қалды. Бұл апаттан 500-ден астам адам қаза болды» деп жазады. Ол кезде отыз мың ғана халқы бар, бір қабатты үйлері бөренеден салынған қала үшін бұл үлкен адам шығыны еді. Қалаға сол тасқыннан үлкен зардап келген, тұтас көшелер суға қарып болған. Тасқын су алты сағат ішінде таудан 7 миллион текше метр су мен 3 250 000 текше метр тас, құм мен лай-балшықты қалаға ағызып әкелген. Сол кезде қызыл судан Алматы тұрғыны болған Қонаевтар әулеті әуіріммен аман қалыпты. Қазақтың белгілі ақыны Тайыр Жароков өзінің «Тасқын» поэмасында осы 1921 жылы Алматыда болған су тасқынын суреттей отырып, Қайсар мен Жамал секілді қарапайым жастардың бейнесін типтік дәрежеде жасай білді. Ақын бұл тақырыпқа кейін қайта оралып, 1965 жылы «Тасқынға тосқын» поэмасын жазды. 1921 жылғы тасқыннан бері бір ғасырға жуық уақыт өткендіктен, ол жайында тек қала ішінде аунап жатқан алып түйетастар ғана «сөйлейді». Алматыны селден қорғау туралы алғашқы жобалар 1934 – 35 жылдары қолға алынған екен. Сол отызыншы жылдары Кіші Алматы шатқалында тау суын реттеп отыратын дамба салыныпты.

1956 жылғы 7 тамызда апақ-сапақта болған сел таудағы көпірлерді қиратып, жолдарды шайып кеткен. Бір қызығы, бір тамшы жаңбыр жаумаса да, сол кезде қала ішіндегі су тізеден келген. Бір жақсысы, тасқын су қалай тез басталса, солай тез тына қойыпты. 1963 жылғы 7 шілдеде Есіл өзенін шайып кеткен тасқынға арнайы тоқталамыз. Осы қайғылы оқиғадан кейін ғана Кремль басшылары Қазақстан астанасын селден қалай қорғау керектігіне бастарын шын- дап қатыра бастапты.

1966 – 67 жылдары Медеу шатқалында екі рет қолдан жарылыс жасалып, шың жарылып, ойға тау құлатылды. Сол кездегі тауда болған жарылыстың өте қуатты болғаны соншалық, етектегі Алматы қаласындағы үйлердің терезелері сыныпты. Тарихтан білетініміздей, Мысырдағы 147 метрлік алып Хеопс пирамидасын 100 000 құл жүз жыл бойы тұрғызса, көлемі Хеопс пирамидасына тең Медеу плотинасы жарылыстың арқасында санаулы секундта пайда болды. Нәтижесінде, селден қорғайтын өте алып плотина пайда болды және оның құрылысы 1970 жылы «Медеу» спорт кешенімен бірге аяқталды. Бұл кеңестік және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында адамзат тарихындағы керемет деп бағаланды. Осы бөгесін болмағанда, үш жылдан кейін болған жойқын сел Алматыны жайпап, жер бетінен жойып жіберер еді.

1973 жылдың шілдесінде Тұйықсу мұзды аймағында болған, талай адамның басын жұтқан жойқын сел Алматыны сәл болмағанда жер бетінен шайып кете жаздады. Көзкөргендердің айтуына қарағанда, сол кезде секундтына 10 метр жылдамдықпен ағызған тасқын-селдің биіктігі 10 метрге жетіпті. Қазақтың атақты ақыны Жұбан Молдағалиев сол кездегі сұмдық апат туралы өзінің: «Мың тоғыз жүз жетпіс үш,

Он бесінші июль,

Жексенбі.
Сол жылы,

Сол ай,

Сол күні,

Қуаныш,
Шұғыла мол күні,

Жер-дүние дереу теңселді,

Кім көрген мұндай жойқынды?!

Кім бөгер топан толқынды?! – деп басталатын атақты «Сел» поэмасын тудырды. 1977 жылы 3 тамызда болған Үлкен Алматы өзеніндегі тасқында адам өлімі болмағанымен, қаланың жоғарғы бөлігі едәуір зардап шеккен. Осыдан кейін Үлкен Алматы өзенінде бесінші ГЭС плотинасы салынып, оның құрылысы 1980 жылы аяқталған. «1963, 1973 және 1977 жылдары жүрген селдердің жойқын күші бұрынғы КСРО аймағында болған барлық селдерден асып түсті» деп жазады өзінің «Алматы тарихының очерктері» атты кітабында Владимир Проскурин.

Енді атақты Есік көлін бір түнде жоқ қылған апатқа арнайы тоқталайық. Солбір 1963 жылдың 7 шілдесі күні болған аты шулы тасқын-селден Алатаудың «жанары» ағып түсті, бір-ақ күнде тау басындағы лағыл көл лайсаң батпаққа айналды. Шілденің сол қаралы күні қапырық ыстық болған. Бірнеше күн жауған жауыннан жоғарғы мұзды аймақ еріп, Жарсай шатқалындағы көл суы кемерінен асып, ақыры суырылып шықты. Бар-жоғы 3-4 сағаттың ішінде 7 млн текше метр лай-батпақ қопарыла құлады. Есік көлінің жағасында жексенбіні пайдаланып, алаңсыз демалып жатқан жүздеген адам, сондай-ақ жақын маңдағы ауылдардың тұрғындары жойқын селге жұтылып, жоқ болды. Биіктігі 40 метр (13 қабат үйдің биіктігіндей) қара жойпат лай тасқын жолында кездескеннің бәрін: көпірлерді, көліктерді, үй-жайларды, пионер лагерьді, әскери бөлімді, ГЭС-ті, шарап зауытын, май зауытын, Есік қаласының екі көшесін шырпы құрлы көрмей, допша домалатып, жаңқадай үйіріп, жайпап өтті. Әлі күнге дейін сол қайғылы оқиғада қанша адамның қаза тапқаны дәл анықталған жоқ.

Сол қаралы оқиға болатын күні Есік көліне тұңғыш ғарышкер-әйел Валентина Терешкова ұшып келуі керек-ті. Күтіп алушылар оның көл жағасындағы демалатын орнына дейін қатырып дайындап қойған.

Түске таяу сол кезде Алматыда жүрген, Қазақстанға бесжылдық жоспардың орындалу барысын тексеруге келген КСРО Министрлер кеңесінің төрағасы Н.Косыгин мен Қазақ КСР Министрлер кеңесінің төрағасы Д.Қонаев екеуі Есік көлге келеді. Енді ше, мұнаралы Мәскеуден келген құрметті қонақ Іле Алатауының сұлулыққа малынған ең бір көрікті жерін тамашалап қайтуы керек қой. Бұл кезде Қазақстанның бірінші басшысы И.Юсупов демалыста жүргендіктен, Косыгинді бір жыл бұрын бірінші хатшылықтан босап қалған Қонаев бастап жүрген. Көл жағасына аршыған жұмыртқадай ақбоз үйлер тігіліп, сән-салтанатын бірінен-бірі асырып жатқан-ды. Ал жоғары лауазымды қос кісі қаннен-қаперсіз үлкен биік көпір үстінде адымдай басып, жан-жаққа тамашалай көз тастап келе жатқан. Сол кезде алыстан буырқанған қара өркешті шулы тасқын сезіледі. Қонаев

Косыгинге дереу бұл жерді тастап шығулары керек екенін айтады. Косыгин қасқан ол сөзді елең қылмай, алға қарай ентелей түседі. Жанұшырған Қонаев қоярда-қоймай Косыгинді қолтықтап ап, көпірден сүйрелегендей алып шығады. Сол арада көз ілеспес жылдамдықпен ағызып кеп, бірінің артынан бірі ентелей соққан алапат кара лай тасқын көлге лақ етіп құйылып, аузы-мұрнына дейін толған бөгетті бұзып-жарып өтіп, жаңа ғана Қонаев пен Косыгин шығып тұрған көпірді шопақ құрлы көрмей, сыпырып-сиырып төменге жұлып ағыза жөнеледі. Құдай сақтап, аман қалған жоғары лауазымды қос кісі бұл кезде арттарынан желдей есіп қуған кара суға жеткізер-жеткізбес лимузинмен ағызып бара жатқан-ды...

1856 жылы Есік көлін өз көзімен көрген атақты географ Семенов-Тянь-Шанский тұмса табиғаттың түрен түспеген сұлулығын тамсана жазып кетіпті. Ауа райына байланысты көл суы түсін құбылтып, бұлтты күндері дереу лып етіп қошқыл қорғасын түске ене қояды екен.

1939 жылдан бастап бұл жерде «Есік көлі» атты Одаққа белгілі туристік база орналасқан. Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен, тіпті шетелден келіп демалатын қонақтар көп болған. 1958 жылдан бастап республика Министрлер Кеңесі демалыс орнына барынша жағдай жасап, арнайы саябақ, үлкен көлік тұрағы бар автовокзал, қонақүй, мейрамхана, басқа да халыққа қызмет көрсететін орындар тұрғызады. Келушілерге 70-ке жуық қайық, катер қызмет көрсетеді. Әр жарты сағат сайын Алматыдағы Көк базар жанынан Есік көліне таңғы сағат 5 жарымнан кешкі 8 жарымға дейін арнайы автобус қатынап тұрған. Сол күндері бүкіл Кеңес Одағын Есік көлінде сұмдық қираулар болғаны мен мыңдаған адамдардың өлгені турасындағы суық хабар шарлап кеткен-ді. «Америка дауысы» ол хабарды жер жүзіне асыра жайып үлгерген. Ал кеңестік билік сол апатта басында 3 кісінің, кейін 52 адамның өлгенін ресми түрде хабарлаған. Әрине, Одақ уақытында болған апаттар жайлы айтылмайтындықтан, жаман хабарды жұрттан жасырып, көз жұмғандар санын барынша кемітіп айтқаны анық. Әлі күнге дейін айтылатын сыпсың сөзге қарағанда, санға кірмеген есепсіз адамды кара батпақ тірідей жұтып қойған. Осылайша, Алматыдан 70 шақырым шығысқа таман теңіз деңгейінен 1756 метр биіктікте орналасқан, кезінде қатты жер сілкінісінен пайда болған, жасы 4500 жылдан асатын, ұзындығы – 1850 метр, көлденеңі 780 метрді құрайтын, ең терең жері 57 метр болатын Есік көлі бір-ақ сәтте түгелдей қотарыла ағып түсті. Ақын Қуандық Шаңғытбаев күйзелгеннен сол кезде «Ұрлаттым гәуһар тәжімді!» деп аһ ұрып, өлең жазған. «Айнасы Алатаудың Есік көлі, Атамның мекендеген бесік көлі, Сұлу көл ұл-қызының көңіліндей, Кәнеки жүзіндерші, есіп көлді» деп халық ақыны Кенен Әзірбаев жырлап тауыса алмай кеткен жауһар көл осылай жұрттың көз алдында жоқ болды. Бір қызығы, көзден бұл-бұл ұшқан атақты көлде бұрын-соңды балық болмаған екен. Ақсақалдардың айтуынша, 1963 жылы болған алапат селден бұрын соңғы рет бұл жерде 1938 жылы сел болған екен. Бірақ ол ел-жұртқа пәлендей қауіп тудырмаған. Ал 1963 жылғы Есік көлі жойылудан соң тура он жыл өткенде, 1973 жылдың шілдесінде Тұйықсу мұзды аймағынан тағы да сұмдық сел жүрген. Күн онда да жексенбі болғандықтан, тауда қыдырып жүрген қанша адамның өлгенін бір Құдай біледі. Оны енді ешқашан да біле алмаймыз. Ресми түрдегі хабарланғаны – өлген 70 адам. Құдай сақтап, сол кезде Медеу бөгетінің арқасында ғана Қазақстанның сол кездегі астанасы – Алматы қаласы түнде болған тасқын селден жойылып кетуден аман қалды.

Төреғали Тәшенов